

1994 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы "Байқоңыр" кешенін жалға беру шартына өзгеріс енгізу туралы хаттамаға қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 23 қаңтардағы N 45 Қаулысы

2004 жылғы 9 қаңтардағы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы "Байқоңыр" кешенінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету мәселелері бойынша ынтымақтастықты одан әрі дамыту туралы меморандумның 1-тармағын орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қоса беріліп отырған 1994 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы "Байқоңыр" кешенін жалға беру шартына өзгеріс енгізу туралы хаттаманың жобасы мақұлданысын.

2. Қазақстан Республикасының Әділет министрі Зағипа Яхьяқызы Балиеваға қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан 1994 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы "Байқоңыр" кешенін жалға беру шартына өзгеріс енгізу туралы хаттамаға қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) "1994 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы "Байқоңыр" кешенін жалға беру шартына өзгеріс енгізу туралы хаттама жасасу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 6 қазандағы N 1030 қаулысы ;

2) "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 6 қазандағы N 1030 және 2004 жылғы 7 қазандағы N 1036 қаулыларына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 20 мамырдағы N 482 қаулысы.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

2008

жылғы

23

қаңтардағы

N 45

қаулысымен

мақұлданған

1994 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы "Байқоңыр" кешенін жалға беру шартына өзгеріс енгізу туралы хаттама

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі,

2004 жылғы 9 қаңтардағы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы "Байқоңыр" кешенінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету мәселелері бойынша ынтымақтастықты одан әрі дамыту туралы меморандумның ережелерін басшылыққа ала отырып,

1994 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы "Байқоңыр" кешенін жалға беру шартына (бұдан әрі - Шарт) "Байқоңыр" кешенінің аумағында тұратын азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгеріс енгізуге ниет білдіре отырып, төмендегілер туралы уағдаласты:

1-бап

Шарттың 6-бабы 6.12-тармағының екінші және үшінші абзацтары мынадай редакцияда жазылсын:

"Байқоңыр" кешенінде жұмыс істейтін Ресей Федерациясы ғарыш айлағы персоналының, құқық қорғау органдары мен мемлекеттік билік және басқару органдары қызметкерлерінің қатарынан Ресей Федерациясының азаматтарына, сондай-ақ көрсетілген адамдардың отбасы мүшелері болып табылатын Ресей Федерациясының басқа да азаматтарына қатысты, олар Ресей Федерациясы мен оның азаматтарына қарсы құқыққа қарсы әрекет жасаған, Қазақстан Республикасының аумағындағы "Байқоңыр" кешенінен тыс жерде әскери қызмет міндеттерін орындауға байланысты әскери қылмыстар мен құқық бұзушылықтар жасаған жағдайда Ресей Федерациясының заңды құзыры жүзеге асырылады. Өзге жағдайларда Қазақстан Республикасының заңды құзыры жүзеге асырылады.

"Байқоңыр" кешенінің аумағында Тараптардың заңнамасы қолданылған кезде олардың құқық қорғау органдарының заңды құзыры мен өзара іс-қимыл мәселелері жеке келісіммен айқындалады."

2-бап

Осы Хаттама Шарттың 11-бабы 11.4-тармағында көзделген тәртіппен күшіне енеді және Шарттың қолданылуы аяқталғанға дейін қолданылады.

200_ жылғы " __ " _____ қаласында екі түпнұсқа данада, әрқайсысы қазақ және орыс тілдерінде жасалды, әрі екі мәтіннің бірдей күші бар.

Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін

Ресей Федерациясының

Үкіметі үшін

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК